

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 8 қаңтардағы № 2 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 қаңтарда № 6449-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 - бабы 22 - тармақшасына және 31 - бабына сәйкес, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кентау қаласының әкімі

Ж. Тасов

Кентау қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 8 қаңтардағы
№ 2 қаулысына қосымша

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары (әрі қарай-қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 246-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес әзірленді және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 246-бабына сәйкес, адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде, олар Кентау қаласының коммуналдық меншігіне түседі және осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылады.

2. Қараусыз қалған жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке келіп түсу тәртібі

3. Қараусыз қалған жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке келіп түсуі қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау-беру актісінде міндетті

түрде қараусыз қалған жануарлардың жасы, тұқымы, жынысы, түсі, жай-күйі және саулығы көрсетілуі тиіс ("Кентау қаласының ветеринариялық қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның қызметкерінің қатысуымен). Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі қараусыз қалған жануарларды беретін адамның, ауыл аумағында - тиісті ауылдық округ әкімінің, қала аумағында – "Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің және "Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады.

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау-тапсыру актісі негізінде теңгерімге алу "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

3. Қараусыз қалған жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру

5. Қалалық коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды қалалық коммуналдық мүліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі жүзеге асырады.

6. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін қараусыз қалған жануарлар қала әкімдігінің қаулысы негізінде тиісті ауылдық әкімдер аппараттарының теңгеріміне немесе "Жасыл қала" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге асырылады.

4. Қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану

7. Кентау қалалық коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз беру;

2) аукцион арқылы сату;

3) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын қоспағанда) қорғайтын арнайы орындарға өтеусіз беру.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі №833 қаулысымен бекітілген қағидаларының 16-тармағына сәйкес, қалалық коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды одан әрі пайдалану жөніндегі мәселелерді қарау үшін Кентау қаласы әкімдігі (бұдан әрі - Әкімдік) комиссия құрады, оның құрамына әкімдік өкілдері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының

келісімімен жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссия туралы ережені әкімдік әзірлейді және бекітеді. Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамнан тұрады. Комиссияның төрағасы әкімнің орынбасары болып табылады. Хатшы комиссияның мүшесі болып табылмайды. Комиссияның шешімдері қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның шешімдері әкімдік үшін ұсынымдық сипатта болады.

5. Қараусыз қалған жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару

9. Қараусыз қалған жануарлар бұрынғы меншік иесіне оларды қайтару туралы өтініш түскенге дейін сатылған немесе басқа меншік иесіне өтеусіз берілген жағдайда, оларды сатудан түскен түсім немесе олардың құны бұрынғы меншік иесіне жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл кезде қараусыз қалған жануарларды бағумен байланысты қаржының көлемі шегеріледі.

10. Қараусыз қалған жануарларды қайтару немесе олардың құнын өтеу бұрынғы меншік иесімен және Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімімен арада жасалатын шартпен ресімделеді.

6. Қорытынды ережелер

11. Қараусыз қалған жануарларды сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте толығымен жергілікті бюджет кірісіне есептеледі.

12. Қараусыз қалған жануарларды есепке алу, бағалау, сату және өтеусіз беру бойынша шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.